



## 11 | ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

"Жамбыл жоғары медициналық колледжі" ШЖҚ КМК Тауарлар мен қызметтер сапасының ұлттық рейтингі критерийлері бойынша Қазақстанның шаруашылық жүргізуші субъектілерінің толық тізбесіне рейтинг жүргізу нәтижесінде қаржылық-экономикалық көрсеткіштер бойынша "Қазақстанның үздік кәсіпорны 2022" құрметті атағына ие болды. Сонымен қатар, колледж директоры Ж.Н.Сарыбекова Тауарлар мен қызметтер сапасының ұлттық рейтингі ұсынылған жоғарғы кәсібилігі үшін "Сапа жұлдызы" орденімен марапатталды.

Ұлттық рейтинг "Звезда Качества". Кәсіби ұмтылысы мен белсенділігі үшін колледждің бас есепшісі Б.М. Умирзакова "Главный бухгалтер года", есепші А.М.Көпбергенова "Бухгалтер года 2022", колледждің кадрлар бөлімінің меңгерушісі Т.Т.Аргынбекова және мемлекеттік сатып алу менеджері Н.Ж.Мамытбаев "Специалист года 2022" Ұлттық Сертификатымен марапатталды.



Жамбыл облыстық пікірсайыс ойындарын дамытуға қосқан үлесі үшін колледждің тәрбие жұмысының меңгерушісі Ж.Н.Айдабосынова "Пікірсайыс қозғалысын дамытуға сіңірген еңбегі үшін" медалімен марапатталды.

25 қазан "Республика күні" ұлттық мерекесіне орай ерен еңбегі және колледждің қоғамдық өміріне белсенді ат салысқаны үшін колледж қызметкерлері А.Т. Даулетбекова, Н.Т.Сейдалиева, А., Э.Қ.Нуралиева, А.Ж.Бактыберлиева Құрмет грамоталарымен марапатталды.

25 қазан "Республика күні" ұлттық мерекесіне орай колледждің "Анатомия" пәнінің оқытушысы Д.Қ.Назар халыққа аянбай қызмет ету жолында күш жігері мен өлшеусіз еңбегі үшін Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасының Алғыс хатымен марапатталды.



колледжінің 321ЕФ-11/20 топ студенті А.А.Оман қатысып І Дәрежелі Дипломмен, 202М-9/20 топ студенті А.Қ.Раушанбек ІІ Дәрежелі Дипломмен марапатталды. Жетекшісі: Б.Б.Блейменова.



"Ustaz tilegi" ғылыми-әдістемелік орталығы ұйымдастырған Республикалық Педагогика-психология пәнінен ұстаздар арасындағы онлайн олимпиадасына Жамбыл жоғары медициналық колледжінің психологы Н.Е.Мұхамодиева қатысып, ІІ дәрежелі Дипломмен және Сертификатпен марапатталды.



"Поэзия кеші" Халықаралық мәнерлеп оқу онлайн байқауына колледждің 106 топ студенті М.Әбілда, 202 топ студенті С.Акбердиева, 108 топ студенті Б.Смайл, 120 топ студенті А.Еділбай, 211 топ студенті М.Ниязова қатысып, жүлделі І Дәрежелі Дипломмен марапатталды. Сондай ақ, жетекшілері Н.Ж.Абдраимова, З.И. Абдалимова байқауға жоғары кәсібилігі мен жұмысқа шығармашылық көзқарасы үшін, байқауға жеңімпаздар дайындағаны үшін Мадақтамаға ие болды.



Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі. "Денсаулық сақтау ісіне қосқан үлесі үшін" колледждің "Ішкі аурулар" пәнінің оқытушысы Б.С.Мадимарова төсбелгімен марапатталды.

Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау министрлігі. Республика күні мерекесіне орай денсаулық сақтау саласындағы жемісті еңбегі мен еліміздің денсаулық сақтау жүйесін дамытуға қосқан үлесі үшін колледж оқытушысы Ж.Ә. Токташева Құрмет грамотасымен марапатталды.

"SENIM" Денсаулық сақтау жүйесі жұмыскерлерінің салалық кәсіптік одағы. Денсаулық сақтау саласындағы адал еңбегі мен кәсіподақ қозғалысының нығаюына қосқан үлесі үшін Кәсіподақтар күніне орай колледждің "Қазақстан тарихы" пәнінің оқытушысы Ғ.А.Сыздықова Құрмет грамотасымен, Денсаулық сақтау саласындағы адал еңбегі үшін, кәсіподақ өміріне белсенді араласқаны үшін "Орыс тілі және орыс әдебиеті" пәнінің оқытушысы К.Ж.Байбосынова Алғыс хатпен марапатталды.

## БҮГІНГІ НӨМЕРДЕ

### 1 | ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КОНГРЕСС

13-14 қазан аралығында Тараз қаласында Халықаралық конгресі.

### 2 | ИГІ-ІС ШАРА

Колледждің жастар ісі жөніндегі құрылымының «Birikken medicina jastary» ұйымдастыруымен №1 қарттар үйіне барды.

### 3 | ФАРМАЦЕВТЕР АПТАЛЫҒЫ

№2 жалпы кәсіптік циклдық әдістемелік комиссиясының апталығы.

### 4 | КІТАПХАНАШЫЛАР СЕМИНАРЫ

«Болашақ - білімді жастардың қолында» тақырыбындағы колледж кітапханашыларына арналған Республикалық семинар.

### 5 | АШЫҚ ІС-ШАРАЛАР

Колледж оқытушылары Б.Б.Блейменова, Ә.О.Сыдыман, Ж.Ш.Жұмағазы ашық сабақ өткізді.

### 6 | БАЙҚАУ

"Bestvideo Туған өлке", "Жаңа Қазақстан-жаңа белестер", "Жарқын болашаққа-парасатты қадам" тақырыбындағы байқау.

### 7 | 25 ҚАЗАН - РЕСПУБЛИКА КҮНІ

Колледжде 25 қазан-Республика күніне атқарылған іс-шаралары.

### 8 | КЕЗДЕСУ

"Алкоголь барлық проблемалардың бастауы", "Адамдық - ақылда, сұлулық жүректе" тақырыбындағы мамандармен кездесулер.

### 9 | СЕМИНАР

"Кәсіпкерлерді дамыту", "Қаржылық қауіпсіздік", "Біз ЖИТС-ке қарсымыз!" тақырыбындағы семинарлар.

### 10 | КІТАПХАНА ЖҰМЫСЫ

"Оқуға күштар колледж" тұжырымдамасы аясындағы кітапханашылардың өткізген іс-шаралары.



# КОЛЛЕДЖ ТЫНЫСЫ



## 1 | ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КОНГРЕСС



13-14.10.2022ж. Тараз қаласында Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы Денсаулық сақтау министрлігінің қолдауымен Алматы декларациясының 44 жылдығы, Астана декларациясының 4 жылдық мерейтойына арналған «Бастапқы медициналық-санитарлық көмек көрсетудегі инновациялар» тақырыбында Халықаралық конгресс өтті. Алматы декларациясының және «Алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсетудегі инновациялар» халықаралық конгрессіне Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің өкілдері Қырғыз Республикасының, Өзбекстан Республикасының, Тәжікстан, Түркіменстан және Денсаулық сақтау министрліктерінің өкілдері қатысты және Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының АМСК Еуропалық орталығының өкілдері қатысты.

Сонымен қатар Денсаулық сақтау министрі Ажар Гинияттың төрағалығымен ДДҰ қатысуымен Халықаралық дөңгелек үстел өтті. Онда әртүрлі елдердің МСАК сарапшылары өз елдеріндегі инновациялар тәжірибесімен бөлісті. «Бастапқы медициналық-санитарлық көмек деңгейіндегі мейірбике ісіндегі инновациялар және заманауи парадигмалар» секциясында Жамбыл жоғары медициналық колледжінің директоры «Жамбыл облысы мейірбике ісі мамандарының кәсіби бірлестігі» ҚБ төрайымы Ж.Н.Сарыбекова «Мейірбике ісі мамандарын даярлау жүйесін дамыту» тақырыбында баяндама жасады.

## 3 | ФАРМАЦЕВТЕР АПТАЛЫҒЫ



мен қабылдау әдістері айтылды және презентация түрінде көрсетілді.



мақсатында олимпиада өткізді. Олимпиада барысында әртүрлі дәрілік түрге рецепт жазып, медициналық терминдерді талдады. Студенттер I, II, III дәрежелі дипломдармен, алғыс хаттармен марапатталды.



Кездесуде студенттер өз мамандықтарының қырсырын, пікір алмасу арқылы біліп, көптеген мәліметтер алды.

## 4 | РЕСПУБЛИКАЛЫҚ КІТАПХАНАШЫЛАР СЕМИНАРЫ



инновациялық жолдарын жетілдіру және білімгерлердің оқу сауаттылығын арттыру мақсатында Қонаев қаласы «Балдәурен» республикалық оқу сауықтыру орталығында «Болашақ - білімді жастардың қолында» тақырыбында колледж кітапханашыларына арналған Республикалық семинар өтті. Республикалық семинарда колледжінің кітапхана меңгерушісі Н.Бегалиева Қазақстан Республикасы оқу-ағарту министрлігінің «Құрмет грамотасымен» марапатталды және Қазақстан Республикасы оқу-ағарту министрлігінің республикалық «Оқуға құштар колледж» жобасын іске асыру аясында «Болашақ - білімді жастардың қолында» атты колледж кітапханашыларына іс - тәжірибе таратып, қолдау білдіргені үшін Алғыс хатпен марапатталды.

## 9 | СЕМИНАР



27.10.2022 ж. Жамбыл облысы әкімдігі жастар саясаты мәселелері басқармасының «Жастар ресурстық орталығы» КММ-нің ұйымдастыруымен «Кәсіпкерлікті дамыту» тақырыбында және «Startup Orda» жобасы жайлы Жамбыл жоғары медициналық колледж студенттерімен семинар өткізілді. Семинарға арнайы «Атамекен» кәсіпкерлік палатасының маманы Метерова Гульмира Қайратқызы және Тараз қаласындағы "AstanaHub" компаниясының «Startup Orda» жобасының өңірлік өкілі Гүлмира Баяндина келіп жастарға кеңес берді.



28.10.2022ж. Қазақстан Республикасы қаржылық мониторинг агенттігінің Жамбыл облысы бойынша экономикалық тергеп-тексеру департаментінің өкілі : криминалистикалық бөлімінің басшысы М.К.Байдалиевтің қатысуымен "Экономикалық және қаржылық құқық бұзушылықтардың алдын алу мен жолын кесу мақсатында студенттер арасында "Қаржылық қауіпсіздік" тақырыбында ақпараттық семинар өткізілді.



31.10.2022ж. Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасының және "Жаңа Ру" жастар бірлестігінің ұйымдастыруымен М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінде АИТВ/ЖИТС-тің алдын-алу мақсатында "Біз ЖИТС-ке қарсымыз !" тақырыбында семинар тренинг өткізілді. Семинарға Жамбыл жоғары медициналық колледжінің "Жұқпалы аурулар" пәні оқытушылары Блейменова Ботакоз Бекайдаровна, Батанова Аерке Ерланқызы спикер ретінде шақырылып, тақырыпқа байланысты оқытушылар АИТВ/ЖИТС аурулары жайлы студенттерге толық мағлұмат берді. ЖИТС-тің алдын-алуы жөнінде өте маңызды ақпараттар беріліп, семинар тренинг пікірталасқа ұласты. Студенттер көкейтесті біршама сұрақтар қойып, оқытушылардан толық жауаптар, мағлұматтар алды.


## 10 | КІТАПХАНА ЖҰМЫСЫ



07.10.2022 ж. Колледжде «Оқуға құштар колледж» тұжырымдамасы аясында белсенді студенттердің ұйымдастыруымен «Оқу көшбасшысы» зияткерлік ойыны өтті. I курс студенттері арасында болған ойында студенттер өздері оқыған кітаптарынан түрлі деңгейдегі тапсырмаларды орындап, өз білімділіктерін көрсетті. Ойын қорытындысы бойынша жеңіске жеткен «Жұлдыз» тобына «Оқырман топ» номинациясы мен сыйлықтар берілді, қалған қатысушы топтар Алғыс хатпен марапатталды.



22.10.2022 ж. Колледждің "COWORKING" оқу орталығында кітапханашылардың ұйымдастыруымен "Оқуға құштар колледж" тұжырымдамасы аясында Абай шығармалары негізінде "Өзім оқып шықтым, саған оқуға кеңес беремін" тақырыбында библио-кросс жарысы өтті. Оған 104, 114 топ студенттері қатысты. Мақсаты: Абай Құнанбаевтың өлеңдері мен қара сөздері арқылы адамгершілікке, еңбекқорлыққа баулу.



26.10.2022 ж. Колледж кітапханасында 24 қазан - Кітапханашы күнін мерекелеу аясында "Кітапханашы - демек креативті" атты өзін-өзі басқару күні өткізілді. 225 топ студенттері У.Сапарбаева, Д.Раджапова, Д.Керимбаева кітапханашы болып оқырмандарға кітап беріп, күнделік толтырып, газет-журнал көрсетіп, электронды кітапханаға тіркеп қызмет атқарды. Мақсаты: кітапханадағы өзін-өзі басқару жұмысын жандандыру, тұлғалардың ұйымдастырушылық, көшбасшылық қасиеттерін ашу.



03.11.2022ж. Колледждің "Адалдық алаңы" орталығында "Оқуға құштар колледж" тұжырымдамасы аясында белсенді студенттер мен кітапханашылардың ұйымдастыруымен көркем әдебиеттер мен мерзімдік басылымдарды насихаттап, фуршет ұйымдастырды.



04.11.2022 ж. Колледжде кітапханашылардың ұйымдастыруымен жаңа кітаптар мен көркем әдебиет көрмесі таныстырылды. Жалпы колледж студенттері мен оқытушылар келіп көрмемен танысты.

## 2 | ИГІ ІС-ШАРА



12.10.2022 ж. Колледждің жастар ісі жөніндегі құрылымының «Birikken medicina jastary» ұйымдастыруымен №1 қарттар үйіне барып, концерттік бағдарлама мен сондағы кісілердің көңіл-күйлерін көтеріп қайтты.